

"Қазақстан Халық Банкінің  
өмірді сақтандыру бойынша  
"Халық-Life"  
еншілес компаниясы"  
акционерлік қоғамы



Акционерное общество  
"Дочерняя компания  
Народного Банка Казахстана по  
страхованию жизни "Халык-  
Life"

**Мақұлданды**  
"Халық-Life" АҚ  
Басқармасының шешімімен  
(2023 жылғы 09 наурыздағы отырыстың  
№ 13 хаттамасы)

**Бекітілді**  
"Халык-Life" АҚ Директорлар кеңесінің  
шешімімен  
(2023 жылғы 15 наурыздағы  
№09 хаттамасы)

## **"Халық-Қазына" өмірді аралас сақтандыру ЕРЕЖЕСІ**

**Құжаттың мазмұны**

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	<b>Ошибка! Закладка не определена.</b>
1-тарау. Терминдер мен қысқартулар .....	<b>Ошибка! Закладка не определена.</b>
2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	8
2-тарау. Осы ережеге сәйкес жасалатын сақтандыру шартының ерекшеліктері .....	8
3-бөлім. ӨМІРДІ АРАЛАС САҚТАНДЫРУ .....	9
3-тарау. Сақтандыру жағдайы .....	9
4-тарау. Сақтандыру шартының мәні .....	9
5-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі .....	9
6-тарау. Медициналық тексеру.....	11
7-тарау. Үшінші тұлғаны сақтандыру.....	11
8-тарау. Сақтанушыны ауыстыру.....	11
9-тарау. Сақтандырылған тұлғаны ауыстыру .....	12
10-тарау. Пайда алушы.....	12
11-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері .....	13
12-тарау. Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі.....	14
13-тарау. Сақтандыру шартының әрекет ету орны .....	15
14-тарау. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі.....	15
15-тарау. Сақтандыру сыйақысының мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімі .....	15
16-тарау. Сатып алу сомасы.....	16
17-тарау. Қарыз алу .....	16
18-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері .....	17
19-тарау. Сақтанушының сақтандыру жағдайы орын алғанда жасайтын әрекеті, сақтандыру төлемін төлеу шарттары мен тәртібі .....	19
20-тарау. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан босату негіздемесі....	21
21-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары .....	22
22-тарау. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысын, сақтандыру сомасын, сақтандыру төлемін және сатып алу сомасын қайта есептеу шарттары .....	23
23-тарау. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жағдайы мен тәртібі .....	23
4-бөлім. ҚАЙТЫС БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА САҚТАНДЫРУ .....	24
24-тарау. Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына алып келген, жазатайым оқиғадан сақтандырудың негізгі ережелері.....	25
25-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі.....	25
26-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын және шектейтін жағдайлар .....	25
27-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері. ....	26
5-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	26
28-тарау. Сақтанушының орналасқан жерінің немесе тұрғылықты мекенжайының өзгеруі .....	26



Осы сақтандыру ережесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленген және "Халық-Қазына" өмірді аралас сақтандыру шарттарын жасасу және ресімдеу тәртібін айқындайды.

## 1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-тарау. Терминдер мен қысқарған сөздер

1. Осы сақтандыру ережелерінде мынадай негізгі ұғымдар мен шартты белгілер пайдаланылады:

**Пайда алушы** - Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

**Ватып алу сомасы** – Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Сақтанушыға төленуге тиісті ақша сомасы;

**Сақтандыру жылы** – Полисті жасаған күннен басталатын (сақтандырудың бірінші жылы) күнтізбелік жылдар (он екі айлық кезең);

**Полиске бір жыл толу** – сақтандырып қорғау қолданысы кезеңіне сәйкес келетін полис шығарылған күн және аймен сәйкес келетін күн, саны және айы;

**Сақтанушының сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруі** - сақтанушының сақтандыру қорғаныстарының соңғы күнінің Алматы уақыты бойынша 23 сағат 59 минут 59 секундқа дейін аман қалуы;

**Кәмелет жасына толмаған баланың заңды өкілдері** – ата-анасы (біреуі), асырап алушылар, қамқоршы немесе қамқорына алушы, асырап алған ата-анасы (біреуі), патронатты тәрбиелеуші және басқа да оларды білетін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамқорлықты, білім беруді, тәрбиелеуді, баланың құқықтары мен мүддесін қорғауды жүзеге асыратын тұлғалар;

**Сақтандырылған тұлға** – оған қатысты сақтандыру жүргізілетін тұлға; он төрт жастан бастап алпыс бес жасқа дейінгі. Бұл ретте Сақтандырылған тұлғаның жасы Сақтандыру шартының қолданысы аяқталғаннан кейін жетпіс жастан аспауы керек;

**"USD/KZTTOD" бағамы** – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген және Сақтандыру ережесінде белгіленген жағдайларда және тәртіпте қолданылатын АҚШ долларына қатысты теңгенің бағамы;

**жалған мәліметтер** – сақтандыру шартын жасаған күні шындыққа (сақтандыру нысаны туралы шынайы мәліметтерге) сәйкес келмейтін Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға сақтандыру өтінішінде ұсынған сақтандыру нысаны туралы мәліметтер, олар сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру жағдайының орын алуы ықтималдығына және ықтимал шығындар мөлшеріне әсер етуі мүмкін;

**жазатайым оқиға** – сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термикалық әсерлердің Сақтандырылған тұлғаның ағзасына әсер етуінен, оның денсаулығына зиян әкелген, мертiгуіне немесе өліміне әкелген, адамның еркінен тыс оқыс, қысқа уақытта орын алған оқиға (жағдай);

**жаңартылған Полис** – Сақтандырушы Сақтанушыға алдында берілген Полис орнына сақтандыру шартына кейбір өзгерістерді және/немесе толықтыруларды енгізгенде берілетін полис;

**Полис** – Сақтандырушының Сақтанушыға беретін, сақтандыру шартының онда көрсетілген және Сақтандыру ережесінде көрсетілген шарттарда жасалуын растайтын құжат;

**Сақтандыру ережелері** – Осы "Халық-Қазына" өмірді аралас сақтандыру ережесі;

**Кәсіби түрде спортпен шұғылдану** – жаттығу жүктемелері қарастырылатын және бұдан кейін де спорттық жарыстарға қатысуды болжайтын және ол жерде спортшы дайындалғаны және қатысқаны үшін сыйақы алуы қарастырылатын физикалық жаттығулармен байланысты жүйелі түрде белгілі бір спорт түрімен айналысу;

**Спорттық жарыстар** – регламентке ие, қатысу ережелері және басқа да жарысты ұйымдастыру үшін қажетті белгілері бар бірнеше қатысушының (команданың) жарысқа қатысуын қарастыратын ұйымдастырылған іс-шара;

**Сақтанушы** - Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған тұлға;

**Сақтандырушы** – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтандыру төлемін Сақтандыру шарты жасалған тұлғаға (Пайда алушыға) шатта белгіленген сома шеңберінде (сақтандыру сомасы) сақтандыру төлемін төлейтін «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;

**Сақтандыру төлемі** – Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру жағдайы орын алғанда төлейтін ақша сомасы;

**Сақтандыру сыйлықақысы** - Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді қабылдағаны үшін Сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы;

**Сақтандыру сомасы** – сақтандыру нысаны сақтандырылған және сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

**Сақтандыру жағдайы** – орын алуына байланысты сақтандыру шарты талаптарымен қарастырылған тәртіпте сақтандыру төлемін жүзеге асыру қарастырылатын оқиға;

**Сақтандыру мүддесі** – Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) тәуекелдерді болдырмау және сақтандыру жағдайының орын алуына жол бермеудегі мүліктік мүддесі;

### **Сақтандырылған тұлғаның қауіпті (экстремальды) әрекеттері:**

гидроциклмен жарыстар, жүру, сырғанау. Гидроцикл (су мотоциклі) — су беткейі

бойынша глиссирлеу арқылы қозғалу үшін арналған ішкі жану стационарлық

қозғалтқышпен жылдамдықты дербес су көлік құралы (жүзу құралы);

тауға шығумен байланысты туризм (альпинизм);

парашюттен секіру;

«пружиналы ходульдарда» - джамперлерде жүгіру және секіру;

Вейкбордта, маунтинбордингте жүру, сырғанау (скейтбординг түрлері, тақтайшада дөңгелектері ұлғайтылған, табиғи ландшафт бойынша сырғанау);

матадан жасалған арнайы қанат костюммен ұшу (Вингсьютинг);

парусты тақтайшаларда слалом, жарыстар, сырғанау;

арнайы велосипедтерде түрлі трюктерді немесе кроссты орындау (Bicycle Moto Cross (BMX));

аквалангпен су астына түсу;

дельтопланда, мотодельтапланда және оның басқа да түрлерінде ұшу;

биіктен мөлдір шар (зорб) арқылы түсу;

спортшының тіркеуге алатын ауа жыланы (кайт) арқылы ұстайтын және басқаратын Тартылыс күші әсерімен су бетінде қозғалуы;

жүзетін құралдарының көмегінсіз өзен коньондарынан өтуі;

ұзын тақтайша арқылы асфальтталған беткей бойынша түсу (скейтке қарағанда барынша жылдам және бірқалыпты сырғанау үшін);

арнайы велосипедте (Маунтинбайк) таудан түсу;

парапланда, мотопарапланда және оның түрлерінде ұшулар;

Pogo stick («Шегіртке») секіру, сонымен қатар пого-стик ретінде – секіруге арналған пружина, тұтқа, педаль және негізгі платформадан құралған құрылғы;

үрлемелі қайықта табиғи және (немесе) жасанды кедергілерден өтумен таулы өзендер бойынша ағызу;

биік нысандардан арнайы сақтандыру арқандары арқылы секіру (Роуп-джампинг,

банджи-джампинг, «тарзанка»);

қиын қол жетімді және қауіпті шатыр және биік ғимараттардың сүмбісіне сақтандырусыз шығу;

сёрфингке арналған тақтайшаларды немесе қысқа ласталарды және арнайы қолғаптарды қолданумен толқында сырғанау;

адамның стандартты емес снарядтармен күш жұмсайтын жаттығуларды орындауы, мысалы, автомобильді көтеру (күш жұмсайтын экстрим);

жасанды немесе табиғи рельеф бойынша өрмелеу (Скалолазание);

скни́тбордта (роликті тақтайша) трюктер жасау;

арнайы шаңғымен, арнайы сноуборд снарядында қар басқан шыңдардан түсу, сырғанау;

қар жабынында немесе мұзда шаңғыдағы, сноубордтағы немесе конькидағы ұсталатын кайт көмегімен сырғанау;

құмда сноубордпен жүру.

үңгірлерде жүрумен байланысты туризм (Спелеология);

мотоцикл жүргізіп отырып трюктар жасау;

велосипедте, мотоциклда немесе жүк машинасын жүргізіп отырып кедергілерді жеңумен байланысты спорттық іс-шараларға қатысу (Триал);

арнайы снарядта асфальтталған беткейлерден түсу (фриборде);

трюктерді жасай отырып роликті конькилермен сырғанау (Роллерблейдинг);

арнайы дайындалмаған трассалардан тыс табиғи шатқалдар мен таулардан түсу, сырғанау (Фрирайд: тау шаңғысы және сноуборд, вело фрирайд);

күрес – онда екі қатысушы айкаста кімнің жеңімпаз екенін анықтау мақсатында бір-бірімен күш сынасатын, тек физикалық күшті ғана пайдаланатын немесе әртүрлі спорттық құралдарды және/немесе қолға ұстайтын суық қаруды қолдана отырып орындайтын спорттық жарыс түрі;

аңшылық, атқа міну және кез келген жануарға міну;

әуе шарында, аэростат, планерде және оның әртүрлі түрлерінде ұшу;

авто- мото- және авиа түрлерімен спорттық жарыстың барлық түрі;

кез келген спорттық жарыстарға қатысу;

сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген әрекеттер мен спорттық жарыстардың басқа да көпетеген түрлері.

## **2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### **2-тарау. Осы ережеге сәйкес жасалатын сақтандыру шартының ерекшеліктері**

2. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартына қайғылы оқиғаларды сақтандыруға қатысты қосымша шарттар енгізілуі мүмкін. Осы шарттар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып саналады.
3. Сақтандыру шартының қайғылы оқиғалардан сақтандыруға қатысты қосымша шарттарына Сақтандырылған тұлға қайғылы оқиға нәтижесінде қайтыс болу жағдайында сақтандыру кіреді.
4. 3-бөлімде берілген Сақтандыру ережесінің талаптары аралас өмірді сақтандыруға қатысты қолданылады.
5. Сақтандыру ережесінің 4-бөлімінде көрсетілген шарттар Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қолданылады.
6. Сақтандыру ережесінің 3-бөлімінде көрсетілген талаптар Сақтандыру ережесінің 4-бөлімінің талаптары егер соңғысында басқасы қарастырылмаған болса ғана қолданылады.



### **3-бөлім. ӨМІРДІ АРАЛАС САҚТАНДЫРУ**

#### **3-тарау. Сақтандыру жағдайы**

7. Сақтандыру жағдайына Сақтандырылған тұлғаның Сақтандыру шартында белгіленген белгілі бір мерзімге дейін (сақтандыру мерзімі) өмір сүруі немесе Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру шарты (сақтандыру қорғанысы) кезеңінде қайтыс болуы кіреді.

#### **4-тарау. Сақтандыру шартының мәні**

8. Сақтанушы сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру шартында қарастырылған тәртіпте және мерзімде төлеуге міндетті.
9. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтандыру төлемін сақтандыру шартында қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге міндетті.
10. Сақтандыру объектісі ретінде Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру шартында бекітілген, белгілі бір мерзімге дейін өмір сүруіне (негізгі талаптарға қатысты) Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруіне байланысты Сақтанушының (Пайда алушының) қайтыс болуына алып келген (қосымша талаптарға қатысты) мүлдіктік мүдделері қолданылады.

#### **5-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі**

11. Сақтандыру шарты Сақтанушының бір жақты тәртіпте (қосылу шарты) әзірлеген үлгі шарттарға (Сақтандыру ережесіне) қосылуы және Сақтандырушының Сақтанушыға Сақтандыру полисін беруі арқылы жазбаша нысанда жасалады. Бұл ретте Сақтанушының талабы бойынша берілетін Полиске Сақтандыру ережесінің көшірмесі қоса беріледі (жіберіледі). Бірге бұл құжаттар (Полис пен Сақтандыру ережесінің көшірмесі) Сақтандыру шарты болып табылады. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартын электронды үлгіде жасауға рұқсат етіледі, бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушыға электрондық Полис береді.
12. Сақтанушының сақтандыру шартын жасау жөніндегі өтінішке қол қоюы, одан кейін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін төлеуі сақтандыру шартын жасауға берген келісімін растайды; Сақтандырушының сақтандыру шартын жасауға келісімі Полис шығару арқылы расталады.
13. Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтандыру шартын жасауды қалаған тұлға (Сақтанушы) Сақтандыру ережесімен танысуға және Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша Сақтандырушыға сақтандыру жөніндегі өтінішін беруге міндетті.

14. Сақтандыру шартын жасасу кезінде, сақтандыру шартын жасасуға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы), егер бұл мән-жайлар Сақтандырушыға белгілі болмаса немесе белгілі болмауы тиіс болса, сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын анықтау үшін елеулі маңызы бар, өзіне белгілі мәліметтерді сақтандыру жөніндегі өтініште хабарлауға міндетті.
15. Маңызды деп кез келген жағдайда сақтандыру тәуекелін бағалағанда сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығына және ықтимал шығындардың мөлшеріне әсер етуі мүмкін, Сақтандыру ережесінде белгілі бір түрде келісілген, сақтандыру өтінішінде немесе Сақтандырушының жазбаша сұратуында көрсетілген жағдаяттар танылады.
16. Егер сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға осы Тараудың 14-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы. Бұл ретте, Сақтандырушы келтірілген шығындарды шегере отырып, Сақтанушыға шарттың өтіп кетпеген мерзімі үшін сақтандыру жарналарын қайтарады, ал сақтандыру төлемі жүргізілген жағдайда - төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.
17. Сақтандыруға қабылданбайды:
  - 1) мүгедектер, оларға тәуекелді жекелеген бағалау барысында андеррайтерлер қабылдаған тұлғаларды қоспағанда;
  - 2) психоневрологиялық диспансерде есепте тұратын тұлғалар;
  - 3) қылмысты іс жасағаны үшін еңбекпен түзету мекемелерінде жазасын өтеп жүрген тұлғалар;
  - 4) Компания андеррайтерлері алып тастаған тұлғалар.
18. Сақтандыру ережесінің 17-тармағында көрсетілген тұлғаларға қатысты жасалған Сақтандыру шарты осындай шарт жасалған күннен бастап күшіне енген болып табылады, ал төлеп қойған сақтандыру сыйлықақысы, одан Сақтандырушының жұмсаған шығындарын шегере отырып, Сақтанушыға қайтарылады.
19. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін Полис және Сақтандыру ережесінде айқын бекітілген басқа құжаттар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып саналады.
20. Сақтандыру шартын жасағанда сақтандыру шартын жасауды қалаған тұлға (Сақтанушы) сақтандыру шартына Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына алып келген жазатайым оқидан сақтандыруға қатысты қосымша сақтандыру шарттарын қосуға құқылы.
21. Сақтандыру шартына Сақтанушының қайтыс болуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты қосымша талаптарды полистің бір жылдығында сақтандыру шарты жасалғаннан кейін енгізуге жол беріледі.

22. Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына алып келген жазатайым оқиғадан сақтандыруға байланысты шарттар өмірді аралас сақтандыру шартының талаптарына қатысты қосымша болып табылады және соңғы көрсетілген шарттарсыз сақтандыру шартына енгізілмейді.

#### **6-тарау. Медициналық тексеру**

23. Сақтандыру шартын жасаған кезде Сақтандырушы сақтандырылатын тұлғаға (Сақтандырылған тұлға) оның денсаулығының нақты күйін бағалау үшін Сақтандырушының осындай тексеруге арналған медициналық мекемесінде медициналық тексеруді тағайындауға құқылы. Сақтандырылатын тұлға (Сақтандырылған тұлға) медициналық тексеруден өтуден бас тартқан жағдайда Сақтандырушы сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.
24. Медициналық тексеру сақтандыру шартын жасасуға ниет білдірген тұлғаның (Сақтанушының) не сақтандырылатын тұлғаның (Сақтандырылған тұлға) есебінен жүргізіледі. Сақтандыру шарты медициналық тексеруден кейін жасалған жағдайда, Сақтандырушы медициналық тексеру бойынша шығыстарды медициналық тексеру төлемін, растаушы құжаттарда көрсетілген мөлшерде өтейді.
25. Егер медициналық тексеру Сақтандырушының осындай тексеруге белгіленген медициналық мекемесінен өзге медициналық мекемеде өткізілген болса, онда медициналық тексеру шығындары Сақтандырушының осындай тексеру үшін белгілеген тәрізді медициналық мекемесіндегі медициналық тексеру құнының шектерінде ғана өтеледі.
26. Егер сақтандыру шарты жасалмаса немесе сақтандыру шартында белгіленген мерзімде алғашқы сақтандыру жарнасы төленбеген немесе толығымен төленбеген болса, онда Сақтандырушы медициналық тексеру шығындарын өтемейді.

#### **7-тарау. Үшінші тұлғаны сақтандыру**

27. Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болып табылмайтын болса, Сақтанушы Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген жағдайларда, Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру шартын жасасуға жазбаша келісімін Сақтандырушыға ұсынуға міндетті.
28. Егер Сақтанушы жасы кәмелет жасқа жетпеген Сақтандырылған тұлғаның заңды өкілі болатын болса (сақтандыру шарты жасалған күнге), осы Тараудың 27-тармағының талаптары қолданылмайды.

#### **8-тарау. Сақтанушыны ауыстыру**

29. Сақтанушы сақтандыру шартымен анықталған барлық құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаға соңғысының, Сақтандырылған тұлғаның және Сақтандырушының

келісімі бойынша табыстай алады. Мұндай құқықтар мен міндеттемелерді табыстау үшін Сақтандырушыға, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және Сақтанушының құқықтық мұрагерінің (сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының құқықтары мен міндеттерін қабылдаушы тұлға) қолы қойылған, Сақтанушыны ауыстыру туралы өтініш ұсыну қажет. Сақтанушыны ауыстыру Сақтандыру ережесінің шарттарына сәйкес сақтандыру шартына енгізілетін тиісті өзгерістер және толықтырулар күшіне енген күннен бастап жарамды болады.

30. Сақтандырылған тұлға болып табылмайтын Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, ақтандыру шартында анықталатын құқықтары мен міндеттері, Сақтандырылған тұлғаның келісімімен Сақтандырылған тұлғаға өтеді. Сақтандырылған тұлға сақтандыру шарты бойынша міндеттерді орындай алмаған жағдайда оның құқықтары мен міндеттері заңнамалық актілерге сәйкес оның құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау бойынша міндеттемелерді жүзеге асыратын тұлғаларға (заңды өкілдеріне, асырап алғандарға, қамқоршыларға) өтуі мүмкін.
31. Сақтандырылған тұлға немесе заңнамалық актілерге сәйкес оның құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау бойынша міндеттемелерді жүзеге асыратын тұлғалар сақтандыру шарты бойынша құқықтар мен міндеттерді қабылдаудан бас тартқан жағдайда, Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша құқықтық мұрагері Сақтанушы алдын ала Сақтандырушыға жазбаша хабарламада көрсеткен тұлға болып табылады, ал осындай хабарлама болмаған жағдайда – Сақтанушының мұрагерлері тағайындалады.

### **9-тарау. Сақтандырылған тұлғаны ауыстыру**

32. Сақтандыру ережесінің шарттары бойынша Сақтандырылған тұлғаны ауыстыруға жол берілмейді.

### **10-тарау. Пайда алушы**

33. Егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болып табылмаса, Сақтанушы сақтандыру жөніндегі өтініште Сақтандырылған тұлғаның келісімі бойынша Пайда алушыны (немесе сақтандыру төлемінен үлестерін көрсете отырып бірнеше Пайда алушылар) тағайындайды.
34. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, Сақтандырылған тұлға сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүрген жағдайда, Сақтанушы Пайда алушы болып табылады.
35. Сақтанушы сақтандыру жағдайы орын алғанға дейін Сақтандырылған тұлға болып табылмайтын - Пайда алушыны, Сақтандырушының жазбаша келісімімен, басқа тұлғаға ауыстыруға құқылы. Пайда алушыны ауыстыру Жаңартылған сақтандыру полисі шыққан күннен бастап жарамды болады.
36. Пайда алушыны ол Сақтанушымен жасалған келісімнен немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап қоюына байланысты туындайтын сақтандыру шарты бойынша белгілі бір міндеттемелерді орындағаннан кейін басқа тұлғаға ауыстыруға болмайды.
37. Сақтандырылған тұлға болып табылмайтын Пайда алушы қайтыс болған жағдайда немесе ол өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда, оның құқықтары Сақтанушыға өтеді,

ал егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болып табылса – Сақтанушының мұрагерлеріне өтетін болады.

38. Егер Пайда алушы және Сақтандырылған тұлға бір уақытта (бір күнде) қайтыс болатын болса, онда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі Пайда алушы Сақтандырылған тұлғадан бұрын қайтыс болған жағдайдағыдай орындалатын болады (осы Тараудың 37-тармағы).

### **11-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

39. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 2) Сақтандырушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауды талап етуге;
- 3) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін түсіндіруді талап етуге;
- 4) сақтандыру шартында қарастырылған жағдайларда сақтандыру сыйақысын алуға;
- 5) полисті жоғалтып алған кезде, оның телқұжатын алуға, бұл ретте полис телқұжатының нөмірі жоғалған полистің нөмірімен бірдей болуы керек.

40. Сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру сыйақысын сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге және Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысының төленуін растайтын құжаттардың көшірмелерін беруге (сақтандыру полисі сақтандыру сыйлықақысы төленген күні ресімделген кезде);

- 2) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы ақпарат беруге;

- 3) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы дереу, бірақ кез келген жағдайда сақтандыру жағдайы орын алған күннен бастап күнтізбелік қырық күннен кешіктірмей хабарлауға. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) орынды себептер бойынша Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде хабарлау мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол уақтылы хабарламау себебі туралы жазбаша түсініктеме беруге және егер болса оларды растайтын құжаттарды беруге міндетті. Бұл ретте, Сақтандырушыға Сақтанушының сақтандыру жағдайы туралы хабарламаған немесе уақтылы хабарламауы Сақтанушының еркіне байланысты емес себептер бойынша болса және осы деректі растайтын тиісті құжаттар берілген болса, онда бұл жағдайда хабарламау немесе уақтылы хабарламау Сақтандырушының сақтандыру төлемді жүзеге асыруынан бас тартуы үшін негіздеме бола алмайды.

Хабарламау немесе уақтылы хабарламаудың орынды себебі Сақтанушының еркіне байланысты емес жағдаяттар болып табылады, атап айтсақ: еңсерілмейтін күштер жағдаяты, яғни осы жағдай бойынша төтенше және алдын алу мүмкін емес (форс-мажор) жағдайлары, оның ішінде, бірақ олармен шектелмейтін: апаттық құбылыстар, соғыс қимылдары және т.б.;

- 4) егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болмаса, Сақтандырушыға Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін беруге;

5) осы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға.

41. Сақтандырушы құқылы:

- 1) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 2) Сақтанушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауды талап етуге;
- 3) сақтандыру жағдайының орын алу жағдаяттары мен себептерін тексеруге;
- 4) Сақтанушыдан тәуекел дәрежесін анықтау және тариф мөлшерлемесін белгілеу үшін маңызды кез келген ақпаратты сұратуға; жылына бір реттен жиі емес, өз есебінен жүргізуге (егер Сақтанушы Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, көлік шығындарын қоспағанда) Сақтанушыны сақтандырушы тағайындаған дәрігерлердің қосымша медициналық тексеруден өтуін;
- 5) Сақтанушы Сақтандырушы сұратқан тәуекел дәрежесін, тариф мөлшерін, сонымен қатар теріс қорытынды жасалса Сақтандырушының андеррайтерін анықтау үшін қажетті мәліметтерді бере алмаған немесе беруді қаламаған жағдайда, сақтандыру шартын жасасудан немесе қайта қалпына келтіруден бас тартуға;
- 6) Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

42. Сақтандырушы міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайы орын алған кезде, сақтандыру төлемін сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте, мерзімде және шарттарда жасауға;
- 2) сақтандыру құпиясын сақтауды қамтамасыз етуге;
- 3) Сақтанушыны Сақтандыру ережесімен таныстыруға және оның талап етуі бойынша Сақтандыру ережесінің көшірмесін беруге (жіберуге), сонымен қатар сақтандырудың барлық шарттарын, Сақтанушының сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 4) сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабарлама алған кезде дереу оны тіркеуге және Сақтанушыға олардың тізімін және қабылдау күнін көрсете отырып құжаттарды қабылдау туралы анықтама беруге;

**12-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі**

43. Сақтандыру шарты, Сақтандырушы Полисті «Полис жасалған (шығарылған) күні» деген кесте жолында көрсетілен күні шығарған кезде өз күшіне енеді. Сақтандыру шарты Полисте көрсетілген мерзім (сақтандыру мерзімі) ішінде әрекет етеді. Сақтандыру ақылы қорғауының әрекет ету кезеңі сақтандыру шартының әрекет ету мерзіміне сәйкес келеді.
44. Сақтандыру шартында сақтандырудың және (немесе) сақтандыру қорғаныстарының әрекет етуінің басқа да мерзімдері қарастырылуы мүмкін.
45. Полис жасалған (шығарылған) күннен бастап жеті күн ішінде Сақтандырушының есеп-айырысу шотына сақтандыру сыйлықақысы толық мөлшерде түспеген жағдайда, Сақтандыру шарты күшіне енбеген деп есептеледі, бұл жайлы Сақтандырушы

Сақтанушыға хабарлауға және Сақтанушыға толық төленбеген сақтандыру сыйақысын, егер осы төлем Сақтандырушыға келтірілген шығындарды шегере отырып шыққан болса Сақтанушы төлеген сома мөлшерінде қайтаруға міндетті.

46. Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің соңғы күніне дейін кемінде он бес күн бұрын сақтандыру шартының мерзімін ұзартумен келіспейтінін жазбаша түрде хабарламаса Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі, Тұпнұсқа полистің қолданылу мерзіміне дейін созылады (бірақ ол мерзім - сақтанушы 70 жасқа толғанға дейінгі мерзімненаспауы керек). Сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің соңғы күнінде сақтандырушы Сақтандыру ережелерінің 23-тарауында белгіленген талаптар мен талаптар бойынша жаңартылған полисті береді.

### **13-тарау. Сақтандыру шартының әрекет ету орны**

47. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында, сонымен қатар одан тыс аумақтарды әрекет етеді. Қолданыс орны Полисте көрсетіледі.

### **14-тарау. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі**

48. Сақтандыру сомасының мөлшерін Сақтандырушы Сақтанушы берген сақтандыру жөніндегі өтініш негізінде анықтайды және ол Полисте көрсетіледі.
49. Сақтандыру сомасы сақтандыру шартында теңгемен және АҚШ долларындағы балама сомасында Сақтандыру ережесінің 23-тарауында белгіленген сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысын төлеу күні белгіленген "USD/KZT TOD" бағамы бойынша қайта есептеу шарттарына сәйкес көрсетіледі.
50. Сақтандыру сомасы сақтандыру жағдайы орын алған күні белгіленген "USD/KZT TOD" бағамы бойынша қайта есептеледі.

### **15-тарау. Сақтандыру сыйақысын төлеу мөлшері, тәртібі және мерзімі**

51. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысын біржолғы төлеммен төлейді.
52. Сақтандыру сыйақысы сақтандыру шартында теңгемен және АҚШ долларындағы балама сомасында Сақтандыру ережесінің 22-тарауында айқындалған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысын төлеу күні белгіленген "USD/KZT TOD" бағамы бойынша қайта есептеу шарттарына сәйкес көрсетіледі.
53. Сақтандыру сыйақысы қолма-қол ақшасыз төлеммен Сақтандырушының Полисте көрсетілген банктік шотына төленуі мүмкін.

54. Сақтанушы, егер сақтандыру шартында басқа жағдайлар белгіленесе, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысын толық мөлшерде, сақтандыру шарты қолданысқа енгізілген мерзім басталған күнге дейін төлеуге міндетті.
55. Сақтандыру сыйақысы теңгемен, сақтандыру шартының (сақтандыру полисі) және Сақтандыру ережесінің талаптарына сәйкес қайта есептеу шарттарында жүргізіледі.

#### **16-тарау. Сатып алу сомасы**

56. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыдан сатып алу сомасын (егер ондай болса) алуға құқылы.
57. Сатып алу сомасы сақтандырудың бірінші жылынан бастап қалыптасады және Полисте сақтандырудың әрбір жылы аяқталған күніндегі жағдай бойынша көрсетіледі. Сатып алу сомасының мөлшерлері сақтандыру шартында Сақтанушыға сатып алу сомасы шегінде және осындай қарыздар бойынша пайызда көрсетілген.
58. Сатып алу сомасын Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандырушыға бұзу себептері, Сақтанушының ЖСН (егер Сақтанушы заңды тұлға болса - БСН) және банктік деректемелер, Полис немесе оның телқұжаты, Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері көрсетілген, сақтандыру сомасын төлеуге өтініш берген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде төлейді.
59. Сақтандыру ережесінің 87-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру шарты бойынша бір уақытта Сақтандырылған тұлға болып табылатын Сақтанушының мұрагерлері жоғарыда көрсетілген Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайына жатпайтын оқиға салдарынан қайтыс болуына байланысты сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сатып алу сомасын алуға құқылы. Сатып алу сомасын Сақтандырушы осы Сақтанушының қайтыс болған күніне қарай есептейді. Бұл ретте, Сақтанушының мұрагерлері: банктік деректемелер көрсетілген жазбаша өтінішті; Полисті немесе оның телқұжатын; Сақтанушының қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалды түрде куәландырылған көшірмесін; жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, Сақтанушы мұрагерлерінің ЖСН, заң бойынша мұрагерлікке құқық туралы куәліктің нотариалды түрде куәландырылған көшірмесін беруге міндетті.
60. Сақтандырушы сатып алу сомасын төлеген кезде, Сақтанушының Сақтандырушы алдындағы сақтандыру шарты бойынша берешегі мөлшеріндегі ақша сомасын ұстап қалуға құқылы.
61. Сатып алу сомасына салық салыну Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған тәртіпте жүргізіледі.

#### **17-тарау. Қарыз алу**



62. Сақтанушы сатып алу сомасының шегінде, Сақтандырушы тиісті қаржы жылына анықтаған максималды рұқсат етілетін сомадан аспайтын мөлшерде қарыз алуға құқылы. Бұл ретте қарыз сақтандырудың соңғы жылы берілмейді.
63. Сақтандырушы және Сақтанушы арасындағы Қарыз шарты бір жылға жасалады және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес құрастырылады.
64. Сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы сақтанушы алған қарыздың қайтарылуын қамтамасыз етеді және қарыз сомасын және бір жылға қарыз беру үшін есептелген сыйақыны жабады.
65. Қарыздарды өтеу және осындай қарыздар бойынша сыйақыларды төлеу бойынша Сақтанушының кез келген берешегі Сақтандырушының төлейтін ақша сомасынан ұсталынады. Қарыз шарты бойынша жалпы берешек Сақтандырушының сатып алу сомасын төлеу кезеңінде төленуі тиісті ақша сомасынан ұсталынады – сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, сақтандыру төлемін төлеу барысында – сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда, егер осы уақытта аталған берешекті Қарыз алушы өтемеген болса. Аталған берешек Компания Пайда алушыға (Сақтанушыға) Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес төлеуі тиісті сомадан өтелетін болады.
66. Сақтанушы қарыз сомасын және есептелген сыйақыны қарыз шартының қолданыс мерзімінің соңына дейін өтемеген (толық немесе ішінара) жағдайда, сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасының мөлшері сақтанушының қарыз шарты бойынша берешек сомасына кемітілетін болады. Сақтандыру шартының қолданысының әрбір келесі жылы үшін Сақтандыру сомасының мөлшері және сатып алу сомасының мөлшері жасалған кемуді ескере отырып, сақтандыру шарты бойынша соңғы сақтандыру жарнасын төлеген күніндегі сатып алу сомасының мөлшеріне қарай анықталатын болады.
67. Егер қарыз шарты бойынша берешек сомасы есептелген сыйақыны қоса алғанда, сатып алу сомасының мөлшеріне жететін болса, онда сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасының және сақтандыру сомасының мөлшері нөлге тең болып саналады. Сақтандырушы бұл туралы сақтанушыға сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы және сақтандыру сомасы кеміген күнге дейін отыз күнтізбелік күн бұрын хабарлайды және бір жақты тәртіпте сақтандыру шартын аталған күннен бастап бұзуға құқылы.

### **18-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері**

68. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алған кезде, төлеуі тиіс сақтандыру төлемінің мөлшері кез келген жағдайда Полисте көрсетілген және Сақтандыру ережесінің 22-тарауында белгіленген сақтандыру сомасын қайта есептеуді ескере отырып, саналған сақтандыру сомасы мөлшерінен аспайды.
69. Егер растаушы құжаттар болған жағдайда сақтандыру жағдайы тура және жанама түрде төмендегілермен байланысты болса, Сақтандыру қорғанысы қолданыста болған

кезенде орын алған сақтандыру жағдайы орын алған – Сақтандырылған тұлға қайтыс болған күні Сақтандыру төлемінің мөлшері сатып алу сомасына тең:

- 1) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;
  - 2) әскери әрекеттермен, Сақтандырылған тұлғаның әскери құрылымдарда қызмет етуі;
  - 3) азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;
  - 4) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана әрекеттері, оларға қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттер кірмейді (растайтын құжаттар болған жағдайда);
  - 5) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;
  - 6) Сақтандырылған тұлғаның лицензияланған әуе компаниясы кемесін қоспағанда, кез келген ұшатын аппаратта ұшуы;
  - 7) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайына әкелген немесе онымен себепті-тексеру байланысында тұрған орта және одан жоғары дәрежеде алкогольдік мастану, сақтандырылған тұлғаның есірткі, токсикоаникалық немесе басқа да мастану күйінде болуы, оларға медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайы кірмейді;
  - 8) алкогольизм, алкогольді тұтынумен байланысты себепті-салдарлы байланысы бар аурулар, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрде пайдаланумен байланысты болады;
  - 9) Сақтандырылған тұлғаның осы Сақтандыру ережесінде қарастырылған қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;
  - 10) Кәсіби спорт түрімен шұғылдану
70. Сақтандыру шартының үздіксіз қолданыста болған алғашқы екі жылы ішінде сақтандыру төлемінің мөлшері қайтыс болу күніндегі сатып алу сомасына тең, егер ол тура немесе жанама түрде келесі жағдайлардың әсерінен болған болса:
- 1) Сақтандырылған тұлғаның өз-өзіне қол жұмсауы немесе сондай әрекет етуі;
  - 2) Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, АИВТ-инфекциясымен сырқаттануы;
  - 3) егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, қатерлі ісіктің пайда болуымен байланысты сырқаттану.
71. Осы Тараудың 69 және 70-тармақтарында берілген жағдаяттардың туындауымен байланысты емес сақтандыру жағдайлары орын алғанда сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасына тең.
72. Сақтандырылған тұлға Сақтандыру шартында белгіленген мерзімге дейін өмір сүрген жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасына тең.
73. Егер сақтандыру шартын жасағанда Сақтандырылған тұлғаның туған күні және/немесе жынысы дұрыс көрсетілмеген болса, бұнын салдарынан сақтандыру сыйақысы (сақтандыру жарнасы) немесе сақтандыру сомасы дұрыс аударылмаған болса, онда

сақтандыру төлемі дұрыс туған күні және/немесе дұрыс жынысы бойынша түзетілуі керек.

**19-тарау. Сақтанушының сақтандыру жағдайы орын алғанда жасайтын әрекеті, сақтандыру төлемін жасау шарттары мен тәртібі**

74. Сақтанушы (Пайда алушы) оған қайтыс болуы туралы белгілі болғаннан кейін дереу, кез келген жағдайда қырық күнтізбелік күннен кешіктірмей Сақтандырушыға оның орын алуы туралы жазбаша үлгіде хабарлауы керек. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) орынды себептермен Сақтандырушыға сақтандыру жағдайларының жоғарыда көрсетілген мерзімде орын алуы туралы хабарлай алмаса, ол уақытылы хабарламау себептері туралы жазбаша түсініктеме беруге міндетті, ал керек болған жағдайда оны құжат жүзінде растауы керек.
75. Сақтандыру кезеңінде қайтыс болуы жағдайы орын алған кезде, Пайда алушы Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:
- 1) Полистің түнұсқасы (телқұжаты);
  - 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат, сонымен қатар жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН, Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатта ол болмаған жағдайда);
  - 3) Пайда алушының банктік деректемелері: Алушы банктің атауы, БСН, БСК, Банктің ЖСК, жинақтаушы, ағымдағы немесе карт шоты;
  - 4) Пайда алушының сақтандыру төлемін алуға құқықтарын растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі (егер Пайда алушыны Сақтандырушы сақтандыру шартын жасаған анықтамаған болса);
- Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі және қайтыс болуы туралы анықтама не Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болу дерегін растайтын, уәкілетті органның құжат (түпнұсқасы немесе нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі не электрондық құжаттың көшірмесі);
- 5) Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы туралы медициналық (дәрігерлік) куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда);
  - 6) Құжатты берген заңды тұлғаның мөрімен және қолымен куәландырылған Химиялық-токсикологиялық зерттеу нәтижелерімен қайтыс болу себептері және жағдаяттары себептері туралы сот-медициналық сараптамасы немесе потологоанатомиялық зерттеу қорытындысының көшірмесі (егер сараптама немесе зерттеу жүргізу Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде қарастырылған болса, ал егер ашу жүргізілмесе – ашудан бас тарту туралы растайтын құжат);
  - 7) егер Сақтандырылған тұлға стационарда қайтыс болған болса, медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен және осы емдеу мекемесінің мөрімен куәландырылған Сақтандырылған тұлғаның медициналық картасынан (сырқаттану тарихы) үзіндінің көшірмесі;

- 8) Сақтандырылған тұлғаның ауырған аурулары туралы ақпарат берілген Сақтандырылған тұлғаның амбулаторлық картасының оны берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесі.
76. Сақтандырушы Сақтанушыдан (пайда алушыдан) сонымен қатар келесі құжаттарды сұратуға, ал Сақтанушы (пайда алушы) өз кезегінде мына құжаттарды беруге құқылы:
- 1) егер құқық қорғау органдары Сақтандырылған тұлғамен болған жағдай (жазатайым оқиға) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қаралған болса, Сақтандырушы тұлға құқық қорғау органдарынан Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды тіркеу дерегі бойынша анықтаманы талап етуге құқылы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркеу жағдайында – қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы немесе соттың үкімі;
  - 2) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде орын алған болса, берген мекеменің мөрімен куәландырылған жол-көлік оқиғасы бойынша материалдардың көшірмесі (оқиға орнын тексеру хаттамасы, жол-көлік оқиғалары схемасы, жол-көлік оқиғасы қатысушыларының түсініктемесі, мамандардың сараптамалық қорытындысы);
  - 3) Сақтандырылған тұлға өзінің қызметтік міндеттемелерін орындау барысында сақтандыру жағдайы орын алғанда – Өндірістегі жазатайым оқиғалар туралы акті немесе осындай Актінің нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі;
  - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған және/немесе Сақтандырушының басқа да сұратқан құжаттары;
77. Сақтандырылған тұлға сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүрген кезде, Сақтанушы Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:
- 1) Полистің түнұсқасы (телқұжаты);
  - 2) Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжаттар, сонымен қатар жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН, Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжатта ол болмаған жағдайда);
  - 3) Сақтанушының банктік деректемелері: Алушы банктің атауы, БСН, БСК, Банктің ЖСК, жинақтаушы, ағымдағы немесе карт шоты;
78. Сақтанушы (Пайда алушы) орын алған сақтандыру жағдайын растайтын құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны алған күннен кейінгі келесі күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті кемшілікті құжаттар туралы хабарламаны Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына жібереді.
79. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алғанын хабарлаған күннен бастап сақтандыру жағдайының орын алу жағдаяттары мен себептерін тексеруге құқылы.
80. Сақтандырушы осы Тараудың 75-77-тармақтарында көрсетілген құжаттарды алған күнне бастап он бес жұмыс күні ішінде бір реттік сақтандыру төлемін жасауға немесе сақтандыру төлемін жасаудан жазбаша үлгіде себептері көрсетілген бас тартуды беруге міндетті.
81. Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемі мерзімін құқық қорғау органдары немесе

- сот тиісті шешім қабылдаған және ол/олар заңдық күшіне енген сәтке дейін ұзартады. Сақтандыру төлемі Сақтанушы (Пайда алушы) көрсеткен банктік шотқа төленеді.
82. Егер Пайда алушы он төрт жасқа дейінгі кәмелет жасына толмаған болса, онда Сақтандырушыға берілетін растайтын құжаттар негізінде сақтандыру төлемін алуға Пайда алушының заңды өкілі құқылы болады. Егер Пайда алушы он төрт жас пен он сегіз жас аралығындағы кәмелет жасына толмаған болса, онда сақтандыру төлемін алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамалары арқылы реттеледі.
83. Сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу үшін осы Тарауда көрсетілген құжаттардың түпнұсқасы немесе олардың нотариалды куәландырылған көшірмелері (егер басқалай қарастырылмаса) беріледі. Сақтандырушының қалауы бойынша осы құжаттарды берген немесе осы көшірмелердің түпнұсқалары болған заңды тұлғаның уәкілетті өкілінің қолы қойылған және мөрімен куәландырылған құжаттардың көшірмесі беріледі.
84. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алынған құжаттарды оларды алған (қабылдаған) күнді көрсете отырып дереу тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) ұсынылған құжаттардың толық тізімін және оларды қабылдау күнін Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша көрсете отырып беруге міндетті.
85. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері Сақтандыру ережесінің осы Тарауында көрсетілген барлық құжатты бермеген жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.
86. Сақтандыру төлемін жасағанда Сақтандырушы одан Сақтанушының сақтандыру төлемін жасаған күнгі бар кез келген берешегі мөлшері сомасын ұстап қалуға міндетті.

## **20-тарау. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан босату негіздемесі**

87. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуына төмендегілер негіз болуы мүмкін:
- 1) Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы біле отырып жалған мәліметтер, сонымен қатар Сақтандыру ережесіне сәйкес Сақтандырушыға берілуі тиіс басқа да мәліметтерді беруі;
  - 2) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу жағдаяттарын тергеуге кедергі келтіруі;
  - 3) Сақтандыруға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 835-бабында белгіленген шарттарда Сақтандыру ережесінде белгіленген мерзімде хабарламауы.
88. Сақтандырушы Сақтандыру ережесінің 87-тармағы 1-тармақшасына сәйкес Сақтандыру ережесінің 3-бөлімінде көрсетілген оқиға бойынша сақтандыру төлемін төлеуден бас тартқан жағдайда, Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасау және орындаумен байланысты Сақтандыру полисінде белгіленген сатып алу сомасынан он бес пайыз мөлшерінде қосымша шығындарын шегере отырып Сақтанушы (Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылатын Сақтандырылған тұлға қайтыс болған

жағдайда Сақтанушының мұрагерлері) Сақтандыру полисінде белгіленген сақтандыру сомасын алуға құқылы.

## **21-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары**

89. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға өтініш бере отырып, сақтандыру шартынан кез келген уақытта бас тартуға құқылы.
90. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату күні, егер осындай өтініште Сақтанушы мерзімінен бұрын тоқтатудың барынша кеш күнін көрсетпеген болса, Сақтандырушының сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға өтінішті алған күн болып саналады.
91. Егер Сақтанушы сақтандыру шартын шартты жасаған күннен бастап бірінші күннен он төртінші күнге дейінгі кезеңде бір жақты тәртіпте бұзатын болса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сыйақысының алынған сомасын толық көлемде қайтарып беруге міндетті. Егер Сақтанушы сақтандыру шартын шартты жасаған күннен бастап он бесінші күннен отызыншы күнге дейінгі кезеңде бір жақты тәртіпте бұзатын болса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға алған сақтандыру сыйақысының сомасын Сақтандырушы сақтандыру шартын жасағанда келтірген сақтандыру сыйақысының алынған сомасынан жиырма пайызды шегере отырып қайтарып беруге міндетті. Басқа сақтандыру шартын мерзімінен бұзу жағдайларында Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша төлеген сақтандыру сыйақысы (сақтандыру жарнасы) қайтарылмайды.
92. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда, жоғарғы тармақта қарастырылған жағдайды қоспағанда, Сақтанушы Сақтандырушыдан сатып алу сомасын және бонуысты сатып алу сомасын (егер болса) алуға құқылы.
93. Сақтандыру шартының қолданысы (қай оқиға бірінші орын алуына байланысты) тоқтатылады:
  - 1) Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш берген жағдайда (Сақтанушының сақтандыру шартынан бас тартуы);
  - 2) орын алған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру;
  - 3) Сақтандырылған тұлға емес Сақтанушы қайтыс болған болса (Сақтанушы қайтыс болған күннен бастап), егер Сақтанушыны ауыстыру болмаған болса;
  - 4) Сақтандырушының Сақтандыру ережесінде орын алған жағдайларда сатып алу сомасын төлеуді жүзеге асыру үшін негіздемелердің орын алуы;
94. Сақтандыру ережесінің 87-тармағында белгіленген сақтандыру шартын тоқтатудың жалпы негіздемелерінен басқа Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының әрекеті Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандырудың қосымша шарттарын алып тастау туралы өтініш берген күннен бастап тоқтатылады. Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының әрекеті тоқтатылған жағдайда Сақтанушының өтініші бойынша осындай сақтандыруға қатысты сатып алу сомасын төлеу жүргізілмейді.

**22-тарау. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысын, сақтандыру сомасын, сақтандыру төлемін және сатып алу сомасын қайта есептеу шарттары**

95. Сақтандыру шартының Тараптары сақтандыру шарты бойынша барлық төлемдерді Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен жүзеге асырады.
96. Сақтандыру шарты бойынша (сақтандыру полис) сақтандыру сомасы, сатып алу сомасы, сақтандыру төлемі және сақтандыру сыйақысын Тараптар теңгеде және АҚШ доллары сомасына балама түрде оларды қайта есептеудің төменде шарттарында белгіленген белгілеген «USD / KZT TOD» бағамына сәйкес белгіленген:
- 1) Сақтандыру сыйақысы төлем жасалатын күні (операция жасалған күні) белгіленген жоғарыда көрсетілген бағам бойынша теңгемен төленеді;
  - 2) Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайы орын алған болса теңгеде сақтандыру жағдайы орын алған күні жоғарыда көрсетілген бағам бойынша төленеді, мерзімнің соңына дейін өмір сүрген жағдайда – сақтандыру шарты аяқталған күні төленеді.
  - 3) Сақтандыру төлемі жасалғанда сақтандыру сомасы жоғарыда көрсетілген бағам бойынша – сақтандыру жағдайы орын алған күні, ал мерзімнің соңына дейін өмір сүрген жағдайда – сақтандыру шартының қолданысының аяқталған күні қайта есептелуі тиіс;
  - 4) сатып алу сомасын төлеу, сақтандыру сыйақысын қайтару теңгемен клиенттің сақтандыру сыйақысын бұзу және/немесе қайтаруға өтініш берген күні белгіленген жоғарыда көрсетілген бағам бойынша жүргізіледі.

**23-тарау. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жағдайы мен тәртібі**

97. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Сақтанушының Сақтандырушыға беретін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өтініші негізінде немесе сақтандыру ережелерімен қарастырылған бсқа жағдайларда жүргізіледі.
98. Шарт бойынша сақтандырылған тұлға өзгертілмейді.
99. Сақтандыру шартына барлық өзгерістер мен толықтырулар жазабаша үлгіде, егер барлық сақтандыру жарналары (сақтандыру сыйақысы) өтінішті берген күні толық төленсе, сонымен қатар Сақтандырушы осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулармен келіскен жағдайда енгізіледі және күшіне енген болып саналады:
- 1) Сақтандыру өтеміне қатысты - Жаңартылған полисті ресімдеген күннен бастап, бұл жағдайда өзгертулер полистің бір жылдығында енгізіледі;
  - 2) Сақтандыру өтінішінде тікелей көрсетілген мәліметтерге қатысты, оларға Полисте көрсетілген мәліметтер кірмейді – Сақтандырушының келісімімен расталатын құжатта көрсетілген күннен бастап, ал егер күні көрсетілмесе, Сақтандырушының шығыс құжатты тіркеген күнінен бастап.

- 3) Сақтанушының және/немесе Сақтанушының жеке деректеріне қатысты ақпаратқа қатысты өзгерістер Сақтанушының сұрауы бойынша – Жаңартылған полисті ресімдеу күнінен бастап жүргізіледі;
- 4) сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне, сақтандыру сомасына және өтеу сомасына қатысты – Жаңартылған полис берілген күннен бастап.
100. Жаңартылған полис алдында шығарылған Полиске немесе алдында шығарылған Полистің телқұжатына алмастырылады. Жаңартылған полис сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып саналады және қол қойылған күннен кейін алдында шығарылған Полис (ал ол жоғалған жағдайда - телқұжат) күшін жоятын болады.
101. Сақтандыру ережесінің 46-тармағына сәйкес сақтандыру шартының мерзімі ұзартылған жағдайда:
- 1) Сақтандыру сомасын анықтау кезінде Сақтандырушы Жаңартылған полисті берген күні Сақтандырушы белгілеген табыстылық мөлшерлемесін (пайызын) пайдаланады;
  - 2) егер Сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің ұзартылуына байланысты Сақтанушының жасы 70 жастан асқан болса, шартты ұзарту мерзімі сақтандыруға бір жыл болған уақыттың алдындағы сақтандырудың бір жылдығына дейін қысқартылады, онда Сақтанушының жасы 70 жасқа толғанға дейін.
102. Егер сақтандыру шартын жасағаннан кейін жаңа заңнамалық актілер қабылданса немесе сақтандырушы шарты талаптарына қатысты қолданыстағылары өзгертілген болса, Сақтандырушы сақтандыру шартына толықтырулар және/немесе өзгертулерді енгізуге құқылы.
103. Сақтандырушы бір жақты тәртіпте сақтандыру шартына Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізуге құқылы.
104. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шартының барлық өзгерістері туралы, егер жазбаша хабарламада басқа күн белгіленбеген болса, осы сияқты өзгерістер күшіне енгенге дейін отыз күнтізбелік күн бұрын хабарлайды. Сақтанушы сақтандыру шартының өзгерістерімен келіспеген жағдайда, Сақтандырушыға жазбаша үлгіде хабарлап барып, сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Егер Сақтанушы өзгерістер туралы хабарламаны жөнелткеннен кейін отыз күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу туралы хабарламаса, Сақтанушы өзгерістермен келіскен болып саналады.
105. Егер Сақтанушы Сақтандыру ережесінің 103-тармағында айтылған жағдаяттарға (шарттарды бір жақты өзгерту) байланысты сақтандыру шартын бұзатын болса, Сақтандыру ережесінің 16-тарауында белгіленген салдары орын алады.

#### **4-бөлім. САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҮЛҒА ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒА САЛДАРЫНАН ҚАЙТЫС БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА САҚТАНДЫРУ**

##### **24-тарау. Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына алып келген жазатайым оқиғадан сақтандырудың негізгі ережелері**



106. Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты Сақтандыру ережесінің шарттары егер Полисте сақтандыру шартында сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыру қарастырылған болса ғана, сонымен қатар Сақтанушы сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарналарын) толық көлемде төлеген жағдайда ғана әрекет ететін болады.
107. Сақтандыру ережесінің 25-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайлары орын алғанда аралас өмірді сақтандыру шарттары бойынша қарастырылған сақтандыру төлеміне қосымша Сақтандырушы осы Бөлімде көрсетілген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде қосымша сақтандыру төлемін жасауға міндетті.

### **25-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі**

108. Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайына (сақтандыру тәуекелі) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру қорғанысы кезеңінде орын алған қайғылы оқиға күнінен бастап алты ай ішінде қайтыс болуы орын алуы жатады.

### **26-тарау. Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыру шектеулері**

109. Сақтандыру ережесінде көрсетілген (Ереженің 20-тарауы) сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздемелерін қоспағанда, Сақтандырушы егер Сақтандырылған тұлғаның өлімі төмендегілермен тура немесе жанама түрде байланысты болса босатылатын болады:
- 1) яролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;
  - 2) әскери әрекеттермен, Сақтандырылған тұлғаның әскери құрылымдарда қызмет етуі;
  - 3) азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;
  - 4) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана әрекеттері, оларға қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттер кірмейді;
  - 5) Сақтандырылған тұлғаның заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;
  - 6) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайына әкелген немесе онымен себепті-тексеру байланысында тұрған орташа және одан жоғары дәрежеде алкогольдік мастану, сақтандырылған тұлғаның есірткі, токсикоаникалық немесе басқа да мастану күйінде болуы, оларға медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайы кірмейді;

- 7) алкоголизм, алкогольді тұтынумен байланысты себепті-салдарлы байланысы бар аурулар, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрде пайдаланумен байланысты болады;
- 8) Сақтандырылған тұлғаның Сақтандыру ережесінде қарастырылған қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;
- 9) кәсіби спорт түрімен шұғылдану, егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру қабылданғанда осы ақпаратты мәлімдемеген болса және осы ақпарат сақтандыру шартында көрсетілмеген болса;
- 10) Сақтандырылған тұлғаның кез келген ұшу аппаратында ұшуы, оларға лицензияланған әуе компаниясының жолаушылар тасымалдау кемесі кірмейді;
- 11) бактериалды инфекция, кесіп алу немесе жарақаттанудан туындайтын инфекция да кіреді;
- 12) жазатайым оқиға салдарынан орын алған сырқаттану түрлерін қоспағанда кез келген ауру түрлері;
- 13) апоплексикалық соққы;
- 14) медициналық немесе хирургиялық ем қабылдау немесе ота жасау.

#### **27-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері.**

110. Сақтандырылған тұлға жазатайым оқиға нәтижесінде қайтыс болу жағдайында сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.
111. Сақтандыру жағдайы орын алғандағы сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасына тең.
112. Егер Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы жазатайым оқиға салдарынан болса, Сақтандыру төлемі Сақтандыру ережесінің 26-тарауында көрсетілген шарттарды ескере отырып, сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру төлеміне қосымша төленеді.

### **5-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **28-тарау. Сақтанушының орналасқан жерінің немесе тұрғылықты мекенжайының өзгеруі**

113. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру өтінішінде көрсетілген оның орналасқан жері немесе тұрғылықты мекенжайы бойынша хабарлама жібереді.
114. Сақтанушы орналасқан жері немесе тұрғылықты мекенжайы өзгерген жағдайда ол он күн ішінде Сақтандырушыға мекенжайын хабарлауға міндетті. Кері жағдайда алдыңғы көрсетілген оның орналасқан жері немесе тұрғылықты мекенжайына жіберілген хабарлама бойынша тараптар міндеттерін орындаған (жарамды) болып саналады.
115. Сақтанушы оның орналасқан жері немесе тұрғылықты мекенжайы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан болса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға Қазақстан Республикасындағы Сақтанушының хат-хабарынан жеткізу үшін жауапты сенімді тұлғаны көрсетуге міндетті.

## 29-тарау. Қосымша шарттар

116. Кез келген сақтандыру шартына қатысты хабарлама, өтініш, ескерту, түсіндіру жазбаша үлгіде оларды жөнелтуді растауға мүмкін болатын тәсілмен жазбаша үлгіде орындалуы тиіс. Сақтанушыда тіркеулік жазбасы бар болған кезде, Сақтандыру шартына қатысты хабарламаларды және өзге хаттарды интернет ресурсындағы Сақтандырушының жеке кабинеті арқылы жіберуге жол беріледі.
117. Тараптар сақтандыру шартының талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Сақтандыру ережесі және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапкершілік алады.
118. Сақтандыру шартында реттелмеген тараптар арасындағы қатынастар Сақтандыру ережесіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.
119. Полисті немесе жаңартылған полисті жоғалтқан жағдайда (Сақтандыру шарты жазбаша нысанда рәсімделген жағдайда) Сақтанушы Сақтандырушыға ол туралы хабарлауға және Полистің телқұжатын алуға өтініш беруге міндетті. Сақтандырушы тиісті телқұжатты бергеннен кейін, жоғалған Полис немесе Полистің қосымшасы жарамсыз болады.
120. Шектеу шараларының, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жарияланған карантиннің, төтенше жағдайлардың әрекет ету кезеңінде, Сақтанушының (сонымен қатар, Сақтандырылған тұлғаның, қажет болған жағдайда) қолы қойылған сақтандыру өтінішінің скан (фото) көшірмесі негізінде сақтандыру шартын жасасуға рұқсат беріледі. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын толық мөлшерде төлеген кезде, Сақтандырушы жоғарыда көрсетілген тәсілмен ұсынылған Сақтанушының сақтандыру өтінішін түпнұсқа ретінде қабылдайды. Бұл жағдайда сақтандыруға өтінімнің түпнұсқасын Сақтанушы осы тармақта сипатталған мән-жайлар аяқталғаннан кейін Сақтандырушыға береді. Осындай сақтандыру өтініші негізінде шығарылған Полистің скан көшірмесі, Сақтанушыға кейіннен оның түпнұсқасын беру арқылы, Сақтанушы көрсеткен электрондық мекенжайына жіберіледі.
121. Сақтандыру шартын жасаған Тараптар арасындағы барлық даулар келіссөздер арқылы шешілетін болады. Егер осындай даулар келіссөздер арқылы шешілмеген болса, олар жауапкердің орналасқан мекенжай бойынша сот тәртібінде шешілетін болады.
122. Сақтандыру шартында (сақтандыру полисінде) және Сақтандыру ережесінде белгіленген барлық сома сақтандыру шартының талаптарына сәйкес теңгемен төленуге тиісті болады.
123. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгеруіне байланысты Сақтандыру ережесінің жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасы қайшы келіп жатса, бұл ережелер Сақтандыру ережесіне тиісті өзгертулер енгізбестен, автоматты

түрде күшін жояды. Сақтандыру ережесінің біреуі жарамсыз болса, ол қалған ережелерге қатысты емес. Жарамсыз ереже заңды түрде рұқсат етілген және тиісті қатынастарды реттейтін өзге ережемен алмастырылады.

124. Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін құжаттарды қоса тіркеп, сақтандыру төлемін төлеу туралы талабын алдын ала электрондық нысанда, электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде жіберуге. Бұл ретте, өтініш берушінің электрондық нысанда сақтандыру төлемін төлеу туралы талабын беруі, оны Сақтандырушының орналасқан мекенжайы бойынша қажетті құжаттарды беруден босатпайды. Бұл жағдайда, сақтандыру төлемі Сақтандырушыға қажетті құжаттар ұсынылғаннан кейін осы Ережеде бекітілген мерзімде жүзеге асырылады.
125. Сақтанушы мен Сақтандырушының ортақ келісімі бойынша сақтандыру ережесінің бөлек ережесін өзгертуді, алып тастауды, сондай-ақ Сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын және Сақтандыру полисінде қамтып көрсетілетін, қосымша талаптарды қарастыратын сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін.
126. Осы Сақтандыру шарты қазақ және орыс тілдерінде жасалды. Сақтандыру шартының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері сәйкес келмеген жағдайда, Сақтандыру ережесінің орыс тіліндегі мәтініне басымдық беріледі.

#### **КЕЛІСУ ПАРАҒЫ**

**"Халық-Қазына" өмірді аралас сақтандыру ережесі**

Қызметкердің лауазымы (мәртебесі)	Аты-жөнінің инициалы, фамилиясы	Қолы	Күні	Ескертулерге сілтеме
<b>Әзірленді:</b>				
Заң басқармасы директорының орынбасары	Матжанов Д.			
<b>Келісілген:</b>				
Өнімдерді және бизнес- процестерді дамыту басқармасының бастығы	Арынгазы Д.			
Сақтандыру есебі және есептілік департаментінің директоры	Джумадилова С.			
Өмірді жинақтап сақтандыруды дамыту департаментінің директоры	Журунов И.			
Андеррайтинг және қайта сақтандыру департаментінің директоры	Ермекбаева А.			
Залалдарды реттеу басқармасының бастығы	Епифанцев А.			
Сервистік қызмет көрсету департаментінің директоры	Жакыпбекова Г.			
Тәуекелдер бөлімінің бастығы	Исмагулов А.			
Актуарлық департаментінің директоры	Келменбетов Е.			
Сату департаментінің директоры	Нуркешов Д.			